

**"Террористік тұрғыдан осал су шаруашылығы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 15 ақпандағы № 45 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 239 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 тамызда № 33297 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Террористік тұрғыдан осал су шаруашылығы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 15 ақпандағы № 45 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31923 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

40-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты (бұдан әрі – паспорт) "Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/ке бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32950 болып тіркелген) сәйкес бір мезгілде электрондық нұсқаны әзірлей отырып, екі данада жасалады".

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс басқармасына заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды су шаруашылығы мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи ресурстар  
министрі*

*З. Сулейменова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті